

**Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларын, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу тәртібі мен қамтамасыз ету мөлшерін бекіту туралы**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 144 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 ақпанда № 16437 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 7 қарашадағы № 682 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 07.11.2025 № 682 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 172-бабы 15-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 01.11.021 № 1128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **1. Мыналар:**

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін есепке алу қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан

Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін қамтамасыз ету мөлшері бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. "Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімдерін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларын, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу және қамтамасыз ету мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 80 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14875 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне электрондық түрде 2017 жылғы 13 наурызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Теңгебаев А.М.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау үшін және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*Б. Сұлтанов*

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы 8 ақпандағы

**Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидалары**

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 14.04.2022 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 172-бабы 15-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және:

1) алкоголь өнімін (толысылған шарапты және сыра қайнату өнімін қоспағанда) (бұдан әрі – алкоголь өнімі) өндіру бойынша қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың, Қазақстан Республикасының аумағына алкоголь өнімін импорттайтын Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғалардың, борышкердің мүлкін (активтерін) өткізу кезінде банкроттықты және оңалтуды басқарушылардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) алкоголь өніміне есепке алу-бақылау маркаларын (бұдан әрі – ЕБМ) алу, есепке алу, сақтау, беру;

2) алкоголь өнімін өндіруді және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттауды жүзеге асыратын тұлғаның Салық кодексінің 172-бабы 7-тармағына сәйкес алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін (бұдан әрі – Міндеттеме) және өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы

пайдалану туралы есебін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша мемлекеттік кірістер органдарына (бұдан әрі – мемлекеттік кірістер органы) ұсыну тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. ЕБМ-ны жасап шығаруды, оларды жеткізуді және алушыларға беруді Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен және көрсетілетін қызметті алушылармен жасасқан шарттарға (келісімшарттарға) сәйкес "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

3. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы Қағидаларға өзгерістер (және) немесе толықтырулар енгізілген кезде, уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 22.12.2022 № 1311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қажет ақпараттарды қамтитын ақпараттық жүйелер істен шыққан кезде көрсетілетін қызметті берушілер істен шыққан сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде sd\_pbf@nitech.kz электронды пошта арқылы қолдау қызметіне міндетті түрде мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауын, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға берген өтініштің тіркеу нөмірін, жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН), көрсетілетін қызметті алушының атауын,

жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің нұсқасын (Windows, Google Chrome), қатеге әкеліп соққан әрекеттер дәйектемесін сипаттауды, туындаған проблеманы түсіндіретін скриншотты ұсына отырып сұрау салуды жолдайды.

5. Өндіруші және (немесе) импорттаушы ЕБМ алғанға дейін мемлекеттік кірістер органдарына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені ұсынады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. "Алкогoль өніміне (толысылған шарапты және сыра қайнату өнімдерін қоспағанда) есепке алу-бақылау маркаларын беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жазылған.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 11.08.2023 № 854 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2-тарау. "Алкогoль өніміне ( толысылған шарапты және сыра қайнату өнімдерін қоспағанда) есепке алу-бақылау маркаларын беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 11.08.2023 № 854 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Көрсетілетін қызметті алушылар "Есепке алу-бақылау маркаларын және " Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының басқа баспа өнімдерін бақылау, есептеу және беру" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) арқылы көрсетілетін қызметті берушіге және мемлекеттік кірістер органына ЕБМ алу жүзеге асырылатын жаңа күнтізбелік жыл басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен немесе ағымдағы жылдың екінші жартыжылдық басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей:

осы Қағидаларға 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасында өндірілетін алкоголь өніміне ЕБМ (бұдан әрі – өндірістік өтінім) дайындауға арналған өтінімді;

осы Қағидаларға 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өніміне ЕБМ дайындауға арналған өтінімді (бұдан әрі – импорттық өтінім) ұсынады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 22.12.2022 № 1311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 11.08.2023 № 854 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жаңадан құрылған немесе алкоголь өнімін өндіру және (немесе) импорттау бойынша қызметті бастаған ЕБМ көрсетілетін қызметті алушылары ақпараттық жүйе арқылы көрсетілетін қызметті берушіге және мемлекеттік кірістер органына:

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ЕБМ алу жүзеге асырылатын айдың 1-не дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде өндірістік өтінімді ;

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ЕБМ алу жүзеге асырылатын айдың 1-не дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмейтін мерзімде импорттық өтінімді ұсынады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 22.12.2022 № 1311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. ЕБМ қызметін алушылар, ЕБМ саны өзгерген кезде, бұрын тапсырылған:

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ЕБМ алу жүзеге асырылатын айдың 1-не дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмейтін мерзімде қосымша өтінім жасау жолымен өндірістік өтінімге;

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ЕБМ алу жүзеге асырылатын айдың 1-не дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде импорттық өтінімді жасау жолымен өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

ЕБМ саны өзгерген кезде, қосымша өтінімде мәнін ұлғайту немесе азайту қажеттілігіне байланысты қосу немесе алу мәнімен өзгерістер көрсетіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 22.12.2022 № 1311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Алкоголь өнімін импорттайтын ЕБМ көрсетілетін қызметті алушылардан импорттық өтінімді қабылдау, оның негізінде акцизделетін тауарларды әкелу жүзеге асырылатын сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) көшірмелері ұсынылған кезде жүргізіледі.



Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің болмауы, сондай-ақ әлеуметтік төлемдер бойынша берешегінің болмауы, Салық кодексінің 114-бабы 2-тармағының 5), 7), 10), 12) және 13) тармақшаларының орындалмаған хабарламалардың болмауы импорттық өтінімді келісу үшін міндетті шарт болып табылады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 22.12.2022 № 1311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Көрсетілетін қызметті алушылар табыс еткен өндірістік өтінімдер және импорттық өтінімдер келесі күнтізбелік жылға көшірілмейді.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 11.08.2023 № 854 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Мемлекеттік кірістер органы ұсынылған өндірістік және (немесе) импорттық өтінімдерді ақпараттық жүйе арқылы:

өндірістік өтінімді – келіп түскен күннен бастап, 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

импорттық өтінімді – келіп түскен күннен бастап, 15 (он бес) жұмыс күні ішінде келіседі немесе оларды келісуден бас тартады.

Осы Қағидалардың 7, 8, 9 және 10-тармақтарында көрсетілген талаптар сақталмаған кезде мемлекеттік кірістер органы ұсынылған ЕБМ арналған өтінімдерді келісуден бас тартады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 22.12.2022 № 1311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Мыналарға:

бір көрсетілетін қызметті алушы алған ЕБМ-ны басқа көрсетілетін қызметті алушыға беруге;

алкоголь өнімдерін таңбалау үшін көрсетілетін қызметті алушының бір сыртқы сауда шартын (келісімшартты) орындауы кезінде алынған ЕБМ, көрсетілетін қызметті алушының басқа сыртқы сауда шартын (келісімшартты) орындауы үшін пайдалануға жол берілмейді.

14. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін немесе импортталатын алкоголь өніміне ЕБМ жасауға арналған өтінімдер мемлекеттік кірістер органымен келісілген соң, автоматты түрде ақпараттық жүйе арқылы көрсетілген қызметті берушіге әзірлеу үшін түседі.

15. Ұсынылған өтінімді келісуден бас тарту алған кезде ЕБМ көрсетілетін қызметті алушылары осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ЕБМ арналған өтінімді қайта береді.

16. ЕБМ жасап шығарғаны үшін төлемді ЕБМ көрсетілетін қызметті алушылар өздерінің ЕБМ арналған өтініміне сәйкес көрсетілген қызметті берушінің банк шотына ақша аудару жолымен ЕБМ алу жүзеге асырылатын айдың 1-і күніне дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмейтін мерзімде әр ай бойынша бөлек жүргізеді.

17. Таңбалау кезінде ЕБМ алу мақсатында ЕБМ бойынша көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге және мемлекеттік кірістер органына ақпараттық жүйе арқылы мынадай нысан бойынша:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін алкоголь өніміне – осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес;

Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өніміне – осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ЕБМ алуға өтініші ұсынады.

18. Алкоголь өнімін таңбалау үшін ЕБМ алуға арналған өтінішті ұсынған кезде ЕБМ көрсетілетін қызметті алушы қосымша:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені;

міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуді растайтын құжатты (төлем құжаты, банк кепілдігі, кепілгерлік шарты, мүлікті кепілге қою шарты) ұсынады.

Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өнімін таңбалау үшін ЕБМ беру үшін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің болмауы, сондай-ақ әлеуметтік төлемдер бойынша берешегінің болмауы міндетті шарт болып табылады.

**Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Қайта таңбалау кезінде ЕБМ алу мақсатында ЕБМ бойынша көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге және мемлекеттік кірістер органына ақпараттық жүйе арқылы Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне және Қазақстан Республикасының аумағына импортталған алкоголь өніміне осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЕБМ алуға өтініші ұсынады.

20. ЕБМ көрсетілетін қызметті алушысы банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған жағдайда ЕБМ алуға арналған өтінішке:

банкрот деп тану немесе оңалту рәсімін қолдану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің көшірмесі;

банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыны тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі не борышкердің мүлкі мен істерін басқару құқығын борышкердің



мүлік меншігінің иесіне, өзі уәкілеттік берген органға, құрылтайшыларға ( қатысушыларға) қалдыру туралы заңды күшіне енген сот ұйғарымы;

түгендеу туралы есеп қоса беріледі.

21. Мемлекеттік кірістер органы ЕБМ алуға арналған өтінішті ЕБМ алуға арналған өтінішінің келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйе арқылы келіседі не оларды келісуден бас тартады.

ЕБМ алуға арналған өтінішті келісу кезінде мемлекеттік кірістер органы ұсынылған мәліметтердің, акциздерді төлеудің дұрыстығын тексереді, төлем құжаттарында көрсетілген төленген сомаларды мемлекеттік кірістер органдарында бар деректермен салыстырады.

22. Мемлекеттік кірістер органы ЕБМ алуға арналған өтініштерді:

өтініштерге осы Қағидалардың 18 және 20-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған;

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, сондай-ақ әлеуметтік төлемдердің сомасы толық төленбеген кезде, олар бойынша Салық кодексінің 114-бабы 2-тармағының 10) тармақшасында көзделген хабарлама жолданған салық есептілігінде бұзушылықтар анықталған, сондай-ақ Салық кодексінің 114-бабы 2-тармағының 5), 7), 12) және 13) тармақшаларында көзделген орындалмаған хабарламалар болған кезде келісуден бас тартады.

Бұл ретте Салық кодексінің 475-бабы 4-тармағында сәйкес ЕБМ таңбалауға жататын алкоголь өніміне акцизді алкоголь өнімін өндірушілердің таңдау бойынша:

ЕБМ алғанға дейін;

Міндеттеме ұсынылған кезде – таңбалауға жататын алкоголь өнімін тиіп-жөнелтілген (берілген) күні төленеді.

Алкоголь өнімін өндірушілер ЕБМ алғанға дейін акциз төлеу үшін Міндеттеме ұсыну талап етілмейді.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2022 № 1311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.08.2023 № 854 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

23. Қазақстан Республикасында өндірілетін алкоголь өнімін таңбалау үшін көрсетілетін қызметті алушыға ЕБМ беруді көрсетілген қызметті беруші ЕБМ жапсырылған штрих-кодпен және ЕБМ алуға арналған өтінішке ЕБМ

нөмірлерінің диапозондарын байланыстыруды жүзеге асырумен ЕБМ алуға арналған өтініштерді мемлекеттік кірістер органы растаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өнімін таңбалау үшін көрсетілетін қызметті алушыға ЕБМ беруді көрсетілген қызметті беруші ЕБМ жапсырылған штрих-кодпен және ЕБМ алуға арналған өтінішке ЕБМ нөмірлерінің диапозондарын байланыстыруды жүзеге асырумен ЕБМ алуға арналған өтініштерді мемлекеттік кірістер органы растаған күннен кейін күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде жүргізеді.

Көрсетілетін қызметті беруші ЕБМ дайындағаны үшін төлем болмаған кезде ЕБМ беруден бас тартады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушыны тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші ЕБМ-ге штрих-код жапсырылған ЕБМ береді немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 22.12.2022 № 1311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; 23-тармақтың екінші абзацына орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 11.08.2023 № 854 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Көрсетілетін қызметті алушыға алкоголь өніміне ЕБМ берілген кезде, көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық жүйе арқылы электронды түрде жүкқұжатты ресімдейді.

Жүкқұжатта мынадай деректер көрсетіледі:

жүкқұжаттың нөмірі және ресімдеу күні;

ЕБМ берілген күні;

ЕБМ алуға арналған өтініштің нөмірі мен берілген күні;

көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

алкоголь өнімдерінің атауы, түрі және сыйымдылығы;  
ЕБМ сериялары, нөмірлердің диапазондары және саны.

25. Көрсетілетін қызметті алушыға ЕБМ беру ЕБМ алуға арналған өтінішінде көрсетілген мөлшерге сәйкес жүзеге асырылады.

**3-тарау. Өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну тәртібі**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

26. Өндіруші ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей, импорттаушы іс жүзіндегі импорттау аяқталғаннан кейін 6 (алты) айдан кешіктірмей ақпараттық жүйе арқылы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы есебін (бұдан әрі – есеп) ұсынады.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

27. Мемлекеттік кірістер органы, өндіруші және (немесе) импорттаушы осы Қағидалардың 26-тармағында көзделген есепті ұсынғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде өндірушіге және (немесе) импорттаушыға ақпараттық жүйе арқылы есепті алғаны туралы хабардар етеді.

28. Мемлекеттік кірістер органының есепті растауы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы есебін тіркеуді есепке алу журналында белгі қою арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

29. Есепті қабылдаудан бас тартқан жағдайда, 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей өндіруші және (немесе) импорттаушы атына, себептерін көрсете отырып, мемлекеттік кірістер органы жазбаша бас тартуды жолдайды.

Есептегі мәліметтердің анық болмауы бас тарту үшін негіздеме болып табылады.

30. Растау туралы белгісі бар есептің бір данасы мемлекеттік кірістер органында қалады, екінші данасы өндіруші және (немесе) импорттаушыға табыс етіледі (жолданады).

31. Мемлекеттік кірістер органы қабылдаған есеп міндеттеменің орындалуын растау және міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуін қайтаруға негіз болып табылады.

32. Өндіруші және (немесе) импорттаушы ақшамен қамтамасыз етілген, алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені орындамаған кезде облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі бес жұмыс күні өткен соң ақшаны уақытша орналастыру шотынан ақшаны бюджет кірісіне аударады.

#### **4-тарау. Есепке алу-бақылау маркаларды есепке алу және сақтау**

33. Көрсетілетін қызметті алушы ЕБМ есепке алуын "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес жүзеге асырады.

34. Алкоголь өнімін өндіру және/немесе импорттау барысында пайдаланылмаған және (немесе) бүлінген (зақымданған) ЕБМ көрсетілетін қызметті алушылар мемлекеттік кірістер органына тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей қайтарады. Бұл ретте ЕБМ үшін төленген ақша қаражаты қайтарылмайды.

35. Егер алкоголь өнімдерін ЕБМ-мен таңбалау "Толысылған шарап (шарап материалын) және сыра қайнату өнімдерін қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалау (қайта таңбалау) қағидаларын, сондай-ақ есепке алу-бақылау маркаларының нысанын, мазмұнын және қорғау элементтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 018 жылғы 8 ақпандағы № 143 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16444 болып тіркелді) Толысылған шарап (шарап материалын) және сыра қайнату өнімдерін қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалау (қайта таңбалау) қағидаларын бұза отырып жүргізілсе, ЕБМ мемлекеттік кірістер органына қайтарылуға жатады. Бұл ретте ЕБМ үшін төленген ақша қаражаты қайтарылмайды.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 11.08.2023 № 854 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

36. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ЕБМ олар пайдаланылғанға дейін, сондай-ақ бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған ЕБМ олар жойылғанға дейін сақталуын қамтамасыз етеді.

37. Көрсетілетін қызметті алушы бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған ЕБМ мемлекеттік кірістер органына қайтаруы, ЕБМ алуға жүкқұжат ресімделген нөмірді және күнді көрсете отырып, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепке алу-бақылау маркаларын қайтару туралы өтініш негізінде жүргізіледі.

38. ЕБМ қайтару кезінде осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЕБМ қабылдап алу-беру актісі (бұдан әрі – қабылдап алу-беру актісі) екі данада жасалады және жыл сайын 10 қаңтардан кешіктірмей кемінде үш қызметкерден тұратын мемлекеттік кірістер органы басшысының бұйрығымен құрылған комиссия (бұдан әрі – комиссия) қол қояды. Қабылдап алу-беру актісінің бір данасы көрсетілетін қызметті алушыға беріледі.

39. ЕБМ жоюды комиссия, көрсетілетін қызметті алушының қатысуымен, тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сы күнінен кешіктірмей жүргізеді.

40. ЕБМ іс жүзінде жою туралы екі данада осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЕБМ есептен шығару және жою туралы актісі (бұдан әрі – жою актісі) жасалады. Жою актісінің бір данасы көрсетілетін қызметті алушыға беріледі.

Жою актісінің әрбір данасына комиссия мүшелері және көрсетілетін қызметті алушы қол қояды және мемлекеттік кірістер органының мөрімен куәландырылады.

ЕБМ жою фактісі ақпараттық жүйелерде тіркеледі.

41. Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйе арқылы ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей мемлекеттік кірістер органына осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алынған ЕБМ пайдалану туралы есепті табыс етеді.

**5-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

42. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген кезде көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

бюджетке салықтар мен төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

43. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Заңның 4-бабы 1-тармағы 6) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

Есепке алу-бақылау маркаларын  
алу, есепке алу, сақтау, беру  
және өндірушінің және  
(немесе) импорттаушының  
алкоголь өнімін  
өндіру және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін  
ұсыну қағидаларына  
1-қосымша  
нысан

---

(мемлекеттік кірістер  
органының атауы)

---



(мемлекеттік кірістер органы  
басшысының Т.А.Ә.

(ол болған кезде)

Тіркеу № \_\_\_\_\_ ж.

(мемлекеттік кірістер органы  
толтырады)

## **Алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесі**

(өндірушінің және (немесе) импорттаушының атауы, ЖСН/БСН, заңды мекенжайы, банк деректемелері)

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 172-бабы 7-тармағына сәйкес міндеттемені мынадай тәсілде қамтамасыз етуді жүзеге асыруға

(төлем құжаты, банк кепілдігі, кепілгерлік шарты, мүлікті кепілге қою шарты)

№ \_\_\_\_\_

(қамтамасыз ету тәсілінің күні)

(қамтамасыз ету тәсілінің нөмірі)

\_\_\_\_\_ теңге мөлшерінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалануға, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде алкоголь өніміне жапсыруы үшін есепке алу-бақылау маркаларын әкетуді жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасының аумағына белгіленген тәртіпте есепке алу-бақылау маркаларымен таңбаланған алкоголь өнімін әкелуді және оны межелі жеріне жеткізуді жүзеге асыруға, бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған есепке алу-бақылау маркаларын берген мемлекеттік кірістер органына қайтаруға, импортталған алкоголь өнімі бойынша жанама салықтарды төлеуге, алкоголь өнімін өндіру кезінде алкоголь өнімін таңбалауды жүзеге асыру, мемлекеттік кірістер органына белгіленген мерзімде өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы есебін ұсынуға міндеттенеді.

Жоғарыда көрсетілген әрекеттер орындалмаған жағдайда, осы Міндеттемені орындауды қамтамасыз ету сомасы болып табылатын ақшаны, мемлекеттік

кірістер органы міндеттемелерді қамтамасыз ету сомасын мемлекеттік бюджет кірісіне аударады.

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жыл

Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларымен таныстым.

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

ЭЦҚ-дан деректер

Алушы 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойды және жіберілді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЕБМ – есепке алу-бақылау маркасы;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Есепке алу-бақылау маркаларын  
алу, есепке алу, сақтау, беру  
және өндірушінің және (немесе)  
импорттаушының  
Қазақстан Республикасына  
алкоголь өнімін импорттау және  
(немесе) өндіру кезінде есепке  
алу-бақылау маркаларын  
нысаналы пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін  
ұсыну қағидаларына  
2-қосымша

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 11.08.2023 № 854 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Алкоголь өніміне (толысылған шарапты және сыра қайнату өнімдерін қоспағанда) есепке алу-бақылау маркаларын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың тізбесі

|   |                                       |                                                                                                                                                                          |
|---|---------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) |
|   |                                       | Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді "Есепке алу-бақылау маркаларын және " Қазақстан Республикасы Ұлттық                            |

|   |                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|---|--------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | Банкінің Банкнот фабрикасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорынының басқа баспа өнімдерін бақылау, есептеу және беру" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі   | <p>Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап:</p> <p>Қазақстан Республикасында өндірілетін алкоголь өнімін таңбалау үшін шарап материалы, сыра мен сыра сусынын қоспағанда, алкоголь өніміне арналған есепке алу-бақылау маркаларына (бұдан әрі – ЕБМ) жапсырылған штрих-кодпен және есепке алу-бақылау маркаларын алуға өтінішке ЕБМ нөмірлерінің диапазондарын жалғауды жүзеге асырумен есепке алу-бақылау маркаларын алуға өтініштерді мемлекеттік кірістер органы растаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізеді.</p> <p>Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өнімін таңбалау үшін көрсетілетін қызметті алушыға ЕБМ беруді көрсетілген қызметті беруші ЕБМ жапсырылған штрих-кодпен және ЕБМ алуға арналған өтінішке ЕБМ нөмірлерінің диапазондарын байланыстыруды жүзеге асырумен ЕБМ алуға арналған өтініштерді мемлекеттік кірістер органы растаған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде жүргізеді.</p> |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны    | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі  | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі ЕБМ жапсырылған штрих-кодпен және ЕБМ нөмірлерінің диапазондарын байланыстыруды жүзеге асыру ЕБМ беру болып табылады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|   |                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |

|   |                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6 | Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілген қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін негізде көрсетіледі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі                                                                                                          | <p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;</p> <p>2) ақпараттық жүйе – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде отінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> |
|   |                                                                                                                                                                                    | <p>1) жаңа күнтізбелік жыл басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей немесе ағымдағы жылдың екінші жартыжылдық басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей ақпараттық жүйесі арқылы;</p> <p>осы Қағидаларға 3-қосымшаларға сәйкес нысана бойынша Қазақстан Республикасында өндірілетін алкоголь өніміне ЕБМ (бұдан әрі – өндірістік өтінім) дайындауға арналған өтінімді;</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |

|    |                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 8  | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі                                                                   | <p>осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өніміне ЕБМ дайындауға арналған өтінімді (бұдан әрі – импорттық өтінім);</p> <p>2) сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) көшірмесі;</p> <p>3) осы осы Қағидаларға 5, 6 немесе 7-қосымшаларға сәйкес – ақпараттық жүйе арқылы алкоголь өніміне ЕБМ алу мақсатында;</p> <p>4) өндіру және (немесе) импорттау кезінде:</p> <p>осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемені;</p> <p>міндеттеменің орындалуын растайтын құжатты (төлем құжаты, банк кепілдігі, кепілгерлік шарты, мүлікті кепілге қою шарты) қосымша ұсынады.</p> |
| 9  | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін ЕБМ дайындағаны үшін төлемнің болмауы негіз болып табылады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар                  | <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған – <a href="http://www.pbf.kz">www.pbf.kz</a>.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда мемлекеттік қызметтерді ақпараттық жүйе арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы қашықтықтан қол жетімділік режимінде мемлекеттік қызметтер көрсету мәртебесі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс-орталығы 1414, 8800080777 арқылы ала алады.</p>                                                                                                            |

Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе)

Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін ұсыну  
қағидаларына  
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР  
Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

(мемлекеттік кірістер  
органының атауы, БСН)

(мемлекеттік кірістер органы  
басшысының Т.А.Ә. (ол болған  
кезде))

(өндірушінің атауы, ЖСН/БСН)

**Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін алкоголь өнімдеріне есепке алу-бақылау маркаларды дайындауға өтінім**

өтінімнің түрі:

алдағы жылға, жаңадан құрылғандар немесе қызметін бастағандар үшін түзетілген

мың дана

| қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан | жылына барлығы | Ескертпе |
|--------|-------|--------|-------|-------|--------|-------|-------|----------|-------|--------|-----------|----------------|----------|
| 1      | 2     | 3      | 4     | 5     | 6      | 7     | 8     | 9        | 10    | 11     | 12        | 13             | 14       |

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

ЭЦҚ-дан деректер

Алушы 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойды және жіберілді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Есепке алу-бақылау



маркаларын алу, есепке алу,  
сақтау, беру және өндірушінің  
және (немесе) импорттаушының  
алкоголь өнімін өндіру  
және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін ұсыну  
қағидаларына  
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР  
Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

(мемлекеттік кірістер  
органының атауы, БСН)

(мемлекеттік кірістер органы  
басшысының Т.А.Ә. (ол болған  
кезде))

Импорттаушының атауы,  
ЖСН/БСН

**Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өнімдеріне есепке алу-бақылау маркаларды дайындауға өтінім**

өтінімнің түрі:

алдағы жылға, жаңадан құрылғандар немесе қызметін бастағандар үшін  
түзетілген

мың дана

| қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан | жылына барлығы | Ескертпе |
|--------|-------|--------|-------|-------|--------|-------|-------|----------|-------|--------|-----------|----------------|----------|
| 1      | 2     | 3      | 4     | 5     | 6      | 7     | 8     | 9        | 10    | 11     | 12        | 13             | 14       |

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

ЭЦҚ-дан деректер

Алушы 20\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойды және жіберілді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Есепке алу-бақылау маркаларын  
алу, есепке алу, сақтау, беру  
және өндірушінің және (немесе)  
импорттаушының алкоголь  
өнімін өндіру және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін  
ұсыну қағидаларына  
5-қосымша  
нысан

---

(мемлекеттік кірістер  
органының атауы)

---

(мемлекеттік кірістер органы  
басшысының Т.А.Ә.  
(ол болған кезде))

**Есепке алу-бақылау маркаларын алуға өтініш № \_\_\_\_\_ күні**

**Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары  
- Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен  
кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

өтініш түрі: таңбалау

ЕБМ түрі: Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін алкоголь  
өнімдеріне

---

өндірушінің ЖСН/БСН, атауы, мекенжайы, лицензия (лицензия берген орган,  
күні,

нөмірі және берілген жылы)

---

\_\_\_\_\_ дана  
мөлшерінде

(цифрмен және жазбаша)

ЕБМ беруді сұрайды.

ЕБМ көрсетілген мөлшері тауарларды шығару үшін қажет:

Алкоголь өнімінің ДСН-коды (бар болған кезде): \_\_\_\_\_

Алкоголь өніміне ДСН-коды болмаған кезде көрсетуі

қажет: \_\_\_\_\_

(алкоголь өнімінің атауы, түрі, сыйымдылығы мен күштілігі)

(құю кезеңі: 20 \_\_ ж. (ай) \_\_ бастап \_\_\_\_ дейін \_\_\_\_, (СЭҚ ТН коды, сәйкестік

сертификаты (сертификат органы, сертификат нөмірі және беру кезеңі)

Өнімнің бір бірлігі үшін бағасы: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_ теңге;

ЕБМ сатып алуға арналған ақша құралдары \_\_\_\_\_

(сомасы жазбаша)

теңге сомасында 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ төлем  
құжатымен

\_\_\_\_\_ банк шотына енгізілді.

акциз \_\_\_\_\_ теңге  
сомасында

(сомасы жазбаша)

20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ төлем құжатымен \_\_\_\_\_ банк шотына  
төленді.

Алу тәсілі (жеткізу/өздері алады)

Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және  
өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (  
немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау  
маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну  
қағидаларынамен таныстым.

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

ЭЦҚ-дан деректер

Алушы 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойды және жіберілді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ДСН-коды – дербес сәйкестендіру нөмір-коды;

ЕБМ – есепке алу-бақылау маркасы;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

СЭҚ ТН коды – сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының  
коды;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Есепке алу-бақылау маркаларын  
алу, есепке алу, сақтау, беру  
және өндірушінің және  
(немесе) импорттаушының  
алкоголь өнімін  
өндіру және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін  
ұсыну қағидаларына  
6-қосымша  
нысан

---

(мемлекеттік кірістер  
органының атауы)

---

(мемлекеттік кірістер органы  
басшысының Т.А.Ә.  
(ол болған кезде))

Есепке алу-бақылау маркаларын алуға өтініш № \_\_\_\_\_ күні

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары  
- Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен  
кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

өтініш түрі: таңбалау

ЕБМ түрі: Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь  
өнімдеріне

---

ЖСН/БСН, импорттаушының атауы, мекенжайы, лицензия (лицензия берген  
орган,

күні, нөмірі және берілген жылы)

\_\_\_\_\_ дана  
мөлшерде

(цифрмен және жазбаша)

ЕБМ беруді сұрайды.

ЕБМ көрсетілген мөлшері тауарларды шығару үшін қажет:

Алкоголь өнімінің ДСН-коды (бар болған кезде): \_\_\_\_\_

---

Алкоголь өніміне ДСН-коды болмаған кезде көрсетуі

қажет: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (алкоголь өнімінің атауы, түрі, сыйымдылығы мен күштілігі) (өндірілген елі)

\_\_\_\_\_ (СЭҚ ТН коды, сәйкестік сертификаты (сертификат органы, Еуразиялық экономикалық

одаққа мүше мемлекеттер аумағынан импорттау үшін – сертификат нөмірі және беру кезеңі)

ЕБМ сатып алуға арналған ақша құралдары \_\_\_\_\_ теңге

(сомасы жазбаша)

сомасында 20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ төлем құжатымен \_\_\_\_\_ банк шотына енгізілді.

акциз \_\_\_\_\_ теңге сомасында

(сомасы жазбаша)

20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ төлем құжатымен \_\_\_\_\_ банк шотына төленді.

Алу тәсілі (жеткізу/ өздері алады)

Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларымен таныстым.

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

ЭЦҚ-дан деректер

Алушы 20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойды және жіберілді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ДСН-коды – дербес сәйкестендіру нөмір-коды;

ЕБМ – есепке алу-бақылау маркасы;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

СЭҚ ТН коды – сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Есепке алу-бақылау маркаларын  
алу, есепке алу, сақтау, беру

және өндірушінің және (немесе)  
импорттаушының алкоголь  
өнімін өндіру және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын  
нысаналы пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін  
ұсыну қағидаларына  
7-қосымша  
нысан

---

(мемлекеттік кірістер  
органының атауы, БСН)

---

(мемлекеттік кірістер органы  
басшысының Т.А.Ө.  
(ол болған кезде))

**Есепке алу-бақылау маркаларын алуға өтініш № \_\_\_\_\_ күні**

**Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары  
- Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен  
кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

өтінім түрі: қайта таңбалау

ЕБМ түрі: Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін алкоголь  
өнімдеріне

және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына импортталған алкоголь  
өнімдеріне

---

(ЖСН/БСН, өндірушінің және (немесе) импорттаушының атауы, мекенжайы,  
лицензия

(лицензия берген орган, күні, нөмірі және берген жылы)

\_\_\_\_\_ дана санында  
(санмен және жазбаша)

ЕБМ беруді сұрайды.

Тауарларды шығару үшін қажет көрсетілген ЕБМ саны:

Алкоголь өнімінің ДСН-коды: \_\_\_\_\_

— Алкоголь өніміне ДСН-коды болмаған кезде: \_\_\_\_\_

(алкоголь өнімінің атауы, түрі, сыйымдылығы мен күштілігі ескі үлгідегі  
ЕБМ

нөмірінің диапазоны)

түгендеу тізімінің нөмірі және күні: \_\_\_\_\_

алкоголь өнімін қайтаруға ілеспе жүкқұжаттардың нөмірі және күні \_\_\_\_\_

ЕБМ сатып алуға ақша қаражаты \_\_\_\_\_

(сомасы жазбаша)

сомасында 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ төлем құжатымен  
\_\_\_\_\_ банк шотына енгізілді

Алу түрі (жеткізу/өзі алып кету)

Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларын таныстым.

Алушы 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойды және жіберілді

ЭЦҚ-дан деректер

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

Ескертпе: аббревиатураларды ашып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ПСН-код-персоналды сәйкестендіру нөмірі-коды;

ЕБМ – есепке алу-бақылау маркасы;

ЖСН – жеке-сәйкестендіру нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Есепке алу-бақылау маркаларын  
алу, есепке алу, сақтау, беру  
және өндірушінің және (немесе)  
импорттаушының алкоголь  
өнімін өндіру және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін  
ұсыну қағидаларына  
8-қосымша  
нысан

\_\_\_\_\_  
(мемлекеттік кірістер  
органының атауы, БСН)

\_\_\_\_\_  
(мемлекеттік кірістер органы  
басшысының Т.А.Ә.)



**Өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы есебі**

\_\_\_\_\_ (алкоголь өнімін өндіруді және (немесе) әкелуді (импортын) жүзеге асыратын өндірушінің және (немесе) импорттаушының атауы,  
ЖСН/БСН және орналасқан жері)

**Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

| ЕБМ алуға арналған өтініштің нөмірі | ЕБМ алуға арналаған өтініштің күні | ЕБМ алу туралы жүкқұжаттың нөмірі | ЕБМ алу туралы жүкқұжаттың күні | Алкоголь өнімінің түрі | Алкоголь өнімінің атауы | Алкоголь өнімінің сыйымдылығы |
|-------------------------------------|------------------------------------|-----------------------------------|---------------------------------|------------------------|-------------------------|-------------------------------|
| 1                                   | 2                                  | 3                                 | 4                               | 5                      | 6                       | 7                             |

**кестенің жалғасы**

|                                    |             |                                                                                                                                                                 |      |                                    |                                                                                                              |                                    |             |
|------------------------------------|-------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------|------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------|-------------|
| ЕБМ берілді                        |             | Алкоголь өнімін таңбалау үшін есепке алу-бақылау маркаларын пайдалану                                                                                           |      |                                    | Мемлекеттік кірістер органына бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған есепке алу-бақылау маркалары қайтарылды |                                    |             |
|                                    |             | Алкоголь өнімін өндіруге мемлекеттік кірістер органы растаған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш немесе тауарларға арналған декларация |      | нөмірлердің сериясы мен диапазоны* | саны (дана)                                                                                                  | нөмірлердің сериясы мен диапазоны* | саны (дана) |
| нөмірлердің сериясы мен диапазоны* | саны (дана) | №                                                                                                                                                               | күні |                                    |                                                                                                              |                                    |             |
| 8                                  | 9           | 10                                                                                                                                                              | 11   | 12                                 | 13                                                                                                           | 14                                 | 15          |

Барлығы \_\_\_\_\_ дана есепке алу-бақылау маркалары берілген, оның ішінде:

\_\_\_\_\_ дана таңбалау үшін пайдаланылды;

\_\_\_\_\_ дана қайтарылды.

Есепке қосымша \_\_\_\_\_ парақта.

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

ЭЦҚ-дан деректер

Алушы 20\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойды және жіберілді

Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушінің және импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларымен таныстым.

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

\*Нөмірлер диапазоны - бірінші және соңғы нөмірлері дәйектілікпен ұсынылған бір сериядағы есепке алу-бақылау маркаларының дәйектілік нөмірлерінің жиынтығы;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЕБМ – есепке алу-бақылау маркасы;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Есепке алу-бақылау маркаларын  
алу, есепке алу, сақтау, беру  
және өндірушінің және (немесе)  
импорттаушының алкоголь  
өнімін өндіру және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін  
ұсыну қағидаларына  
9-қосымша  
нысан

**Өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы есебін тіркеуді есепке алу журналы**

**Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

| № | Түскен күні | Көрсетілетін қызметті алушының ЖСН/БСН | Көрсетілетін қызметті алушының атауы | Есепті кезең | Қабылданған күні | Расталған күні | Ескертпе |
|---|-------------|----------------------------------------|--------------------------------------|--------------|------------------|----------------|----------|
| 1 | 2           | 3                                      | 4                                    | 5            | 6                | 7              | 8        |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі.

Есепке алу-бақылау  
маркаларын алу, есепке алу,  
сақтау, беру және өндірушінің  
және (немесе) импорттаушының  
алкоголь өнімін өндіру  
және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін  
ұсыну қағидаларына  
10-қосымша

Ескерту. 10-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР  
Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

НЫСАН

(мемлекеттік кірістер  
органының атауы)

(мемлекеттік кірістер органы  
басшысының Т.А.Ә. (ол болған  
кезде))

### Есепке алу-бақылау маркаларын қайтару туралы өтініш

| № | Көрсетілетін қызметті алушының ЖСН/БСН | Көрсетілетін қызметті алушының атауы | Е Б М нөмірлерінің диапазоны | ЕБМ саны | ЕБМ алуға арналған жүкқұжаттың нөмірі, күні | Ескертпе |
|---|----------------------------------------|--------------------------------------|------------------------------|----------|---------------------------------------------|----------|
| 1 | 3                                      | 4                                    | 5                            | 6        | 7                                           | 8        |

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

ЭЦҚ-дан деректер

Алушы 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойды және жіберілді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЕБМ – есепке алу-бақылау маркасы;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Есепке алу-бақылау  
маркаларын алу, есепке алу,  
сақтау, беру және өндірушінің  
және (немесе) импорттаушының

алкоголь өнімін өндіру  
және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін  
ұсыну қағидаларына  
11-қосымша

Ескерту. 11-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР  
Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

Есепке алу-бақылау маркаларын қабылдап алу-беру актісі 20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

—

(мемлекеттік кірістер органының атауы, мекенжайы, БСН)

(лауазымы, Т.А.Ә. (ол болған кезде)) құрамындағы Комиссия атынан қабылдайды, ал есепке алу-бақылау маркаларын көрсетілетін қызметті алушы

атынан (көрсетілетін қызметті алушының атауы, ЖСН/БСН, мекенжайы)

(көрсетілетін қызметті алушының, не уәкілетті адамның Т.А.Ә. (ол болған кезде)) ЕБМ өткізеді:

| ЕБМ<br>алған күн | ЕБМ-нің түрлері<br>, сериясы,<br>нөмірлері | ЕБМ саны | ЕБМ алынған<br>кезінде<br>қолданыста<br>болған акциз<br>мөлшерлемесі | Акциздің<br>сомасы | ЕБМ қайтару<br>себебі |
|------------------|--------------------------------------------|----------|----------------------------------------------------------------------|--------------------|-----------------------|
| 1                | 2                                          | 3        | 4                                                                    | 5                  | 6                     |
| Барлығы:         |                                            |          |                                                                      |                    |                       |

Қабылдады \_\_\_\_\_ Өткізді \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (ол болған кезде), қолы Т.А.Ә. (ол болған кезде), қолы

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЕБМ – есепке алу-бақылау маркасы.

Есепке алу-бақылау  
маркаларын алу, есепке алу,  
сақтау, беру және өндірушінің  
және (немесе) импорттаушының  
алкоголь өнімін өндіру  
және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін  
ұсыну қағидаларына  
12-қосымша

Ескерту. 12-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР  
Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

## **Есепке алу-бақылау маркаларын есептен шығару және жою туралы акт**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"  
Қазақстан  
Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 469-бабы 2-тармағының 2)  
тармақшасына  
сәйкес біз,

---

---

---

құрамдағы комиссия

---

данада есепке алу-бақылау маркаларын есептен шығару және өртеу жолымен  
жоюды  
жүргіздік, оның ішінде:

---

---

(есепке алу-бақылау маркаларының түрлері, сериялары және нөмірлерінің диапазондары)

Мына құрамдағы Комиссия:

(комиссия мүшелерінің және

алушының тегі, аты, әкесінің аты. (ол болған кезде),

лауазымы, қолы)

Есепке алу-бақылау  
маркаларын алу, есепке алу,  
сақтау, беру және өндірушінің  
және (немесе) импорттаушының  
алкоголь өнімін өндіру  
және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін  
ұсыну қағидаларына  
13-қосымша

Ескерту. 13-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ ай есепті кезеңде алынған есепке алу-бақылау маркаларын пайдалану туралы есеп

дана

| Өндірушінің және (немесе) импорттаушының ЖСН/БСН/ атауы | Есепті кезеңнің басындағы қалдық | Есепке алу-бақылау маркалары алынды | Есепке алу-бақылау маркалары пайдаланылды | Есепке алу-бақылау маркалары бүлінді | Есепке алу-бақылау маркалары мемлекеттік кірістер органдарына қайтарылды | Есепке алу-бақылау маркалары жоғалды | Есепті кезеңнің соңындағы қалдық |
|---------------------------------------------------------|----------------------------------|-------------------------------------|-------------------------------------------|--------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|----------------------------------|
| 1                                                       | 2                                | 3                                   | 4                                         | 5                                    | 6                                                                        | 7                                    | 8                                |

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

ЭЦҚ-дан деректер

Алушы 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойды және жіберілді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

**Өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін есепке алу қағидалары**

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 14.04.2022 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 172-бабы 15-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленген және өндірушінің және (немесе) импорттаушының мемлекеттік кірістер органдарында есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін есепке алу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін (бұдан әрі – Міндеттеме) төлеуді қамтамасыз етуді тіркеуді облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша мемлекеттік кірістер органдары (бұдан әрі – мемлекеттік кірістер органы) "Есепке алу-бақылау маркаларын және "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының басқа баспа өнімдерін бақылау, есептеу және беру" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **2-тарау. Міндеттемені есепке алу тәртібі**

3. Міндеттемені қамтамасыз етуді тіркеу, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша карточкаларды (бұдан әрі – Карточка) ресімдеу жолымен ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылады.

4. Карточканы есепке алу мақсатында мемлекеттік кірістер органы ақпараттық жүйе арқылы ресімдейді және Міндеттемені қамтамасыз етуді растайтын құжат болып табылады.

5. Карточканы тіркеу нөмірі мынадай құрылымнан тұрады:

00000/ККААЖЖ/ННННН, мұнда:

00000 - Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органының коды;

КК - тіркеу күні;

АА - тіркеу айы;

ЖЖ - тіркеу жылының соңғы сандары;

ННННН - Карточканың реттік нөмірі.

Карточканың реттік нөмірлерін нөмірлеу бірден басталады. Карточканың реттік нөмірлерін нөмірлеу басы, әрбір келесі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталады.

6. Өндірушінің және (немесе) импорттаушының өтініші бойынша Карточкаға: өндіруді және (немесе) импорттауды жүргізу мерзімін ұзартуға байланысты Міндеттемені төлеуді қамтамасыз етудің қолданыс мерзімін ұзарту;

банктік кепіл, мүлік кепілдігі шарты, кепілгерлік шартының қолданыс мерзімін ұзарту;

Міндеттемені төлеуді қамтамасыз етуді ұсынған заңды тұлға немесе кепілгер болып табылатын заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру жағдайларында қосымша қалыптастырылады.

Карточкаға қосымша ақпараттық жүйе арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

7. Міндеттемені төлеу өндірушінің және (немесе) импорттаушының мынадай тәсілдерді:

тиісті мемлекеттік кірістер органдарына тиесілі ақшаны уақытша орналастыру шотына (бұдан әрі – шот) ақша салу арқылы;

банктік кепілдік;

кепілгерлік;

мүлік кепілін таңдауы бойынша қамтамасыз етіледі.



Міндеттемені қамтамасыз ету бір мезгілде бірнеше тәсілдермен таңдауы бойынша жүзеге асырылады.

8. Міндеттемені қамтамасыз етуді өндірушіге және (немесе) импорттаушыға қайтаруды мемлекеттік кірістер органы Міндеттеменің орындалу шартымен 10 (он) жұмыс күні ішінде және:

1) егер Міндеттемені қамтамасыз ету ақшалай жүзеге асырылса – мемлекеттік кірістер органының ақша құралдарын қайтаруға арналған төлем тапсырмасы;

2) егер Міндеттемені қамтамасыз ету банк кепілдігімен жүзеге асырылса – оның күшін жою үшін банктік кепілдеменің түпнұсқасы қоса берілген мемлекеттік кірістер органының міндеттемені орындау туралы хатының;

3) егер Міндеттемені қамтамасыз ету кепілгерлікті ұсынумен жүзеге асырылса – оны орындау үшін кепілгерлік шарты ұсынылған, өндіруші және (немесе) импорттаушы Міндеттемені орындаған жағдайда, кепілгерлік шарты қолданысының тоқтатылуы туралы мемлекеттік кірістер органы хатының;

4) егер Міндеттемені қамтамасыз ету мүлікті кепілге қою шарттын ұсынумен жүзеге асырылса – оны орындау үшін мүлікті кепілге қою шарты ұсынылған, өндіруші және (немесе) импорттаушы Міндеттемені орындаған жағдайда, мемлекеттік кірістер органының мүлік кепіл шарты қолданысының тоқтатылуы туралы хатының негізінде жүзеге асырады.

9. Міндеттеме орындалғаннан кейін, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабына сәйкес Міндеттеме орындалған күнінен кейінгі күннен бастап, бірақ 3 (үш) жылдан кешіктірмей Карточка ресімделген мемлекеттік кірістер органдарының шотынан қамтамасыз ету сомасын қайтару туралы өтініш беріледі.

10. Енгізілген ақшаны шотқа қайтару (есепке жатқызу) Салық кодексінің 172-бабы 14-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы өндірушілер және (немесе) импортшылар міндеттемені орындау туралы есебін ұсынғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде өндірушінің және (немесе) импортшының жазбаша өтінімі бойынша жүзеге асырылады.

11. Міндеттеменің орындалуы шартында өндірушінің және (немесе) импорттаушының өтініші бойынша Міндеттемені қамтамасыз ету сомасы келесі Міндеттемені қамтамасыз ету ретінде төлем шотына есепке жатқызылады.

12. Өндірушіге және (немесе) импорттаушыға шоттан Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтару үшін мемлекеттік кірістер орган екі данада аумақтық казынашылық органдарына:

осы Қағидадаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем тапсырмаларының тізілімін;

"Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14419 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем тапсырмасын ұсынады.

Төлем тапсырмасы ақпараттық жүйе арқылы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Міндеттемені қамтамасыз ету сомасын қайтаруға төлем тапсырмаларын тіркеу журналында тіркеледі.

13. Өндіруші және (немесе) импорттаушы шотқа ақша салумен қамтамасыз етілген Міндеттемені орындамаған кезде, Карточканы тіркеген мемлекеттік кірістер органы 5 (бес) жұмыс күнінен кеш емес мерзімде ақшаны шоттан мемлекеттік бюджет кірісіне аударды.

### **3-тарау. Мемлекеттік кірістер органының уақытша ақша орналастыру шотына салынған ақшаны есепке алу тәртібі**

14. Өндіруші және (немесе) импорттаушы Міндеттемені төлеуді қамтамасыз ету сомасын шотқа салады.

15. Лауазымды адам өндіруші және (немесе) импорттаушы шотқа енгізген ақша бойынша Міндеттемелерді орындауды есепке алуды және бақылауды жүзеге асырады. Өндіруші және (немесе) импорттаушы енгізген ақшаны есепке алу үшін мемлекеттік кірістер органы ақпараттық жүйе арқылы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысанда Міндеттемелерді қамтамасыз ету сомасын есепке алу бойынша дербес карточканы (бұдан әрі – Дербес карточка) жүргізеді.

16. Дербес карточка:

шотқа енгізілген ақшаларды есепке алуға;

шоттан Міндеттемелерді қамтамасыз етудің аударылған сомасын орындалмаған Міндеттемелер бойынша бюджетке уақытылы аударуға;

шоттан талап қою мерзімінің аяқталуы бойынша, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабында белгіленген 3 (үш) жылдың өтуі бойынша бюджетке Міндеттемелерді қамтамасыз ету сомасын аударуға;

шотқа енгізілген ақшаны орындалған Міндеттемелер бойынша немесе басқа Міндеттеме есебіне өндірушінің және (немесе) импорттаушының банк шотына қайтаруға (есепке жатқызуға) арналған.

17. Қамтамасыз ету сомасы бойынша Дербес карточка қабылданған Міндеттеме негізінде шотқа енгізілген соманы есепке алу үшін әрбір өндірушіге және (немесе) импорттаушыға жеке ашылады.

18. Тиісті мемлекеттік кірістер органына уақытша ақшаны орналастыру бойынша Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету есебі ақпараттық жүйе арқылы жүргізіледі.

19. Мемлекеттік кірістер органы ақпараттық жүйе арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шотқа өндіруші және (немесе) импорттаушы салған ақша бойынша Міндеттеме сомасын көрсететін төлем құжаттарының тізілімін жүргізеді.

20. Өндірушінің және (немесе) импорттаушының шотқа ақша салуы Дербес карточканы ашу үшін негіз болып табылады.

21. Қамтамасыз ету сомасы бойынша Дербес карточка әр күнтізбелік жылға ашылады. Сальдо келесі жылға көшіріледі.

Өндірушілерге және (немесе) импорттаушыларға қамтамасыз ету сомалары бойынша Дербес карточка ашқан кезде міндетті түрде мынадай деректемелер:

өндірушінің және (немесе) импорттаушының толық атауы;

өндірушінің және (немесе) импорттаушының жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі;

заңды мекенжайы;

сомасы көрсетіледі.

#### **4-тарау. Банктік кепілдікті есепке алу тәртібі**

22. Өндіруші және (немесе) импорттаушы мемлекеттік кірістер органына банктік кепілдік ұсынады.

23. Мемлекеттік кірістер органы банктік кепілдіктің мазмұнына және/немесе түпнұсқалығына қатысты растығын тексеру үшін осындай кепілдікті берген банктен жазбаша нысанда банктік кепілдікті растауын сұратады.

24. Ұсынылған банктік кепілдік негізінде Карточканы, сондай-ақ Міндеттемелерді қамтамасыз ету сомасын есепке алу мақсатында Карточкада көрсетілген мәліметтерді тіркеген мемлекеттік кірістер органы, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктік кепілділігінің Тізілімін қалыптастыруды ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырады.

25. Банктік кепілдікпен қамтамасыз етілген Міндеттемелерді орындаған өндіруші және (немесе) импорттаушы, ол туралы 2 (екі) жұмыс күн ішінде банкке хабарлайды.

26. Өндіруші және (немесе) импорттаушы Міндеттемені орындамаған кезде мемлекеттік кірістер органы банктік кепілдікте қарастырылған Міндеттемені орындау мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде банкке Міндеттемелердің тиесілі сомасын төлеу туралы талапты жолдайды.

27. Мемлекеттік кірістер органының банкке жолданған Міндеттемелерді қамтамасыз етудің тиесілі сомасын төлеу туралы талабында:

өндірушінің және (немесе) импорттаушының атауы;  
өндірушінің және (немесе) импорттаушының жеке сәйкестендіру нөмірі/  
бизнес сәйкестендіру нөмірі;  
Міндеттемені қамтамасыз ету сомасын есептеуге жататын бюджеттік жіктеу  
коды;  
мемлекеттік кірістер органы-бенефициар және қазынашылық органының  
деректемелері;  
өндірушінің және (немесе) импорттаушының Міндеттемелерін  
орындамауына байланысты төлеуге жататын Міндеттемелер сомасы;  
өндірушінің және (немесе) импорттаушының Міндеттемелерін  
орындамауына байланысты төлеуге жататын Міндеттеме сомасын төлеу мерзімі  
қамтылады.

## **5-тарау. Кепілгерлік шартын есепке алу тәртібі**

28. Өндіруші және (немесе) импорттаушы мемлекеттік кірістер органына кепілгерлік шартын ұсынады.

29. Мемлекеттік кірістер органы Міндеттемелерді төлеуін қамтамасыз ету ретінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 4-параграфына сәйкес ресімделген кепілгерлік шартын қабылдайды.

30. Мемлекеттік кірістер органы ұсынылған кепілгерлік шартының түпнұсқалығына және/немесе мазмұнына қатысты растығын тексеру үшін кепілгерден жазбаша нысанда кепілгерлік шартын растауды сұратады.

31. Ұсынылған кепілгерлік шарт негізінде Міндеттемені төлеуді кепілгер мынадай:

ақшаны уақытша орналастыру шотына қамтамасыз ету сомасын енгізу;  
банк кепілдігі;  
мүлік кепілі тәсілдермен қамтамасыз етеді.

32. Ұсынылған кепілгерлік шарт негізінде Карточканы, сондай-ақ Міндеттемелерді қамтамасыз ету сомасын есепке алу мақсатында Карточкада көрсетілген мәліметтерді тіркеген мемлекеттік кірістер органы, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кепілгерлік шарттарының тізілімін қалыптастыруды ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырады.

33. Кепілгерлік шартпен қамтамасыз етілген, Міндеттемені орындаған өндіруші және (немесе) импорттаушы, бұл туралы кепілгерге хабарлайды.

34. Өндіруші және (немесе) импорттаушы Міндеттемелерді орындамаған кезде, мемлекеттік кірістер органы кепілгерлікте көзделген Міндеттемелерді орындау мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Міндеттеменің тиесілі сомасын төлеу туралы талапты кепіл берушіге жолдайды.

35. Мемлекеттік кірістер органның кепіл берушіге жолданған Міндеттеменің тиесілі сомасын төлеу туралы талабында:

өндірушінің және (немесе) импорттаушының атауы;

өндірушінің және (немесе) импорттаушының жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі;

Міндеттемені қамтамасыз ету сомасын есептеуге жататын бюджеттік жіктеу коды;

мемлекеттік кірістер органы-бенефициар және қазынашылық органының деректемелері;

өндірушінің және (немесе) импорттаушының Міндеттемелерін орындамауына байланысты төлеуге жататын Міндеттемелер сомасы;

өндірушінің және (немесе) импорттаушының Міндеттемелерін орындамауына байланысты төлеуге жататын Міндеттеме сомасын төлеу мерзімі қамтылады.

## **6-тарау. Мүлік кепілін есепке алу тәртібі**

36. Өндіруші және (немесе) импорттаушы мемлекеттік кірістер органына мүлік кепіл шартын ұсынады.

37. Мемлекеттік кірістер органы Міндеттемені қамтамасыз ету ретінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 3-параграфына сәйкес ресімделген мүлік кепіл шарты негізінде мүлік кепілін қабылдайды.

38. Мемлекеттік кірістер органы ұсынылған мүлік кепіл шартының мазмұны және/немесе түпнұсқалығына қатысты растығын тексеру үшін кепіл берушіден жазбаша нысанда мүлік кепіл шартын растауын сұратады.

39. Ұсынылған мүлік кепіл шарты негізінде Карточканы, сондай-ақ Міндеттемелерді қамтамасыз ету сомасын есепке алу мақсатында Карточкада көрсетілген мәліметтерді тіркеген мемлекеттік кірістер органы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысанда мүлік Кепіл шарттарының тізілімін қалыптастыруды ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырады.

40. Мүлік кепіл шартымен қамтамасыз етілген Міндеттемелерді орындаған өндіруші және (немесе) импорттаушы, ол туралы 2 (екі) жұмыс күн ішінде кепіл берушіге хабарлайды.

41. Өндіруші және (немесе) импорттаушы Міндеттемені орындамаған кезде мемлекеттік кірістер органы мүлік кепіл шартында көзделген Міндеттемені орындау мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде Міндеттемелердің тиесілі сомасын төлеу туралы талапты кепіл берушіге жолдайды.

42. Мемлекеттік кірістер органның кепіл берушіге жолданған Міндеттемелер сомасын төлеу туралы талабында:

өндірушінің және (немесе) импорттаушының атауы;

өндірушінің және (немесе) импорттаушының жеке сәйкестендіру нөмірі/  
бизнес сәйкестендіру нөмірі;

Міндеттемені қамтамасыз ету сомасын есептеуге жататын бюджеттік жіктеу  
коды;

мемлекеттік кірістер органы-бенефициар және қазынашылық органының  
деректемелері;

өндірушінің және (немесе) импорттаушының Міндеттемелерін  
орындамауына байланысты төлеуге жататын Міндеттемелер сомасы;

өндірушінің және (немесе) импорттаушының міндеттемелерін орындамауына  
байланысты төлеуге жататын Міндеттеме сомасын төлеу мерзімі қамтылады.

Өндірушінің және (немесе)  
импорттаушының алкоголь  
өнімін өндіру және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы міндеттемесін  
есепке алу қағидаларына  
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР  
Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

№ \_\_\_\_\_ Карточка

Өндіруші және (немесе) импорттаушы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(атауы, заңды мекенжайы, жеке-сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

\_\_\_\_\_

(алкоголь өнімін өндіру және (немесе) импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені орындау мерзімі)

\_\_\_\_\_

(өндірушілердің және (немесе) импорттаушылардың алкоголь өнімін өндіру және (немесе) импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемелерін қамтамасыз ету тәсілдері)

---

---

(төлем тапсырмасының, банк кепілдігінің, мүлік кепілі шартының, кепілгерлік шартының нөмірі мен күні)

---

---

(алкоголь өнімін өндіру және (немесе) импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемелерін қамтамасыз етуді төлеуді қамтамасыз ету сомасы)

---

---

(инвойстың, сыртқы сауда шартының келісімшартының нөмірі мен күні)

---

---

(алкоголь өнімін өндіру және (немесе) импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемелерін қамтамасыз етуге кепіл беруші болып табылатын тұлға туралы ақпарат (банк, кепілгер, кепіл беруші))

---

---

(кепіл беруші таңдаған, алкоголь өнімін өндіру және (немесе) импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемелерін қамтамасыз ету тәсілдері)

---

---

(кепіл беруші ұсынған төлем тапсырмасының, банк кепілдігінің, мүлік кепілі шартының, кепілгерлік шартының нөмірі мен күні)

---

---

(банк кепілдігінің, мүлік кепілі шартының, кепілгерлік шартының қолданылу мерзімі)

---

---

(оны қолданған кезде, алкоголь өнімін өндіру және (немесе) импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемелерін төлеуді қамтамасыз етуді растау нөмірі)

---

(мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

---

\_\_\_\_\_ қолы, күні, айы және жыл

Өндірушінің және (немесе)  
импорттаушының алкоголь  
өнімін өндіру және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы міндеттемесін  
есепке алу қағидаларына  
2-қосымша

**Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

нысан

**№ \_\_\_\_\_ Карточкаға қосымша**

Өндіруші және (немесе) импорттаушы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (атауы, заңды мекенжайы, жеке-сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

---

\_\_\_\_\_ (алкоголь өнімін өндіру және (немесе) импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені орындау мерзімі)

---

\_\_\_\_\_ (өндірушілердің және (немесе) импорттаушылардың алкоголь өнімін өндіру және (немесе) импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемелерін қамтамасыз ету тәсілдері)



---

---

(төлем тапсырмасының, банк кепілдігінің, мүлік кепілі шартының, кепілгерлік шартының нөмірі мен күні)

---

---

(алкоголь өнімін өндіру және (немесе) импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемелерін қамтамасыз етуді төлеуді қамтамасыз ету сомасы)

---

---

(инвойстың, сыртқы сауда шартының нөмірі мен күні)

---

---

(алкоголь өнімін өндіру және (немесе) импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемелерін қамтамасыз етуге кепіл беруші болып табылатын тұлға туралы ақпарат (банк, кепілгер, кепіл беруші)

---

---

(кепіл беруші таңдаған, алкоголь өнімін өндіру және (немесе) импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемелерін қамтамасыз ету тәсілдері)

---

---

(кепіл беруші ұсынған төлем тапсырмасының, банк кепілдігінің, мүлік кепілі шартының, кепілгерлік шартының нөмірі мен күні)

---

---

(банк кепілдігінің, мүлік кепілі шартының, кепілгерлік шартының қолданылу мерзімі)

---

---

(оны қолданған кезде, алкоголь өнімін өндіру және (немесе) импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемелерін төлеуді қамтамасыз етуді  
растау нөмірі)

(мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

\_\_\_\_\_ қолы, күні, айы және жыл

Өндірушінің және (немесе)  
импорттаушының алкоголь  
өнімін өндіру және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы міндеттемесін  
есепке алу қағидаларына  
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

Төлем тапсырмаларының тізілімі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік кірістер органдарының атауы)

\_\_\_\_\_ (аумақтық қазынашылық органының атауы)

\_\_\_\_\_ (тізілім ұсынылған күні)

| № | Төлем тапсырмасының күні | Төлем тапсырмасының нөмірі | Сомасы | Орындалғаны/ орындалмағаны туралы белгі* | Ескертпе* |
|---|--------------------------|----------------------------|--------|------------------------------------------|-----------|
| 1 | 2                        | 3                          | 4      | 5                                        | 6         |

Мемлекеттік кірістер органының басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), қолы)

Мемлекеттік кірістер органдарының жауапты орындаушысы

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), қолы)

М.О.

Ескертпе: \*бұл жолдарды аумақтық қазынашылық органының жауапты орындаушысы толтырады.

Өндірушінің және (немесе)  
импорттаушының алкоголь  
өнімін өндіру және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы міндеттемесін  
есепке алу қағидаларына  
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан  
"Бекітемін"  
Мемлекеттік кірістер органының  
басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол  
болған кезде)), қолы)  
20 \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

**Міндеттемені қамтамасыз ету сомасын қайтаруға төлем тапсырмаларын тіркеу журналы**

| № | Мемлекеттік кірістер органдарының атауы | Төлем тапсырмасының көшірме жазбасының күні | Төлем тапсырмасының нөмірі | Қайтару жүргізілетін қызметті алушының жеке-сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі | Қайтару жүргізілетін қызметті алушының атауы | Көрсетілетін қызметті алушыға қайтаруға жататын сома | Бюджетке аударуға жататын сома |
|---|-----------------------------------------|---------------------------------------------|----------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|------------------------------------------------------|--------------------------------|
| 1 | 2                                       | 3                                           | 4                          | 5                                                                                             | 6                                            | 7                                                    | 8                              |

**кестенің жалғасы**

| Алушының банк шотының деректемелері |  |  | ескертпе |  |  |
|-------------------------------------|--|--|----------|--|--|
| Бенифициар-банктің атауы және       |  |  |          |  |  |
|                                     |  |  |          |  |  |

|                                        |                                  |    |                                                   |                                        |
|----------------------------------------|----------------------------------|----|---------------------------------------------------|----------------------------------------|
| банктік<br>сәйкестендіру коды<br>(БСК) | Жеке сәйкестендіру<br>коды (ЖСК) |    | Мемлекеттік<br>кірістер органына<br>ұсынылған күн | Қазынашылық<br>органы орындаған<br>күн |
| 9                                      | 10                               | 11 | 12                                                | 13                                     |

Өндірушінің және (немесе)  
импорттаушының алкоголь  
өнімін өндіру және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы міндеттемесін  
есепке алу қағидаларына  
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР  
Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

**Міндеттемені қамтамасыз ету сомасын есепке алу бойынша дербес карточка**

Өндірушінің және (немесе) импорттаушының атауы \_\_\_\_\_

Өндірушінің және (немесе) импорттаушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

| № | Құжат<br>тың<br>нөмірі<br>мен<br>күні | Опера<br>ция<br>басын<br>дағы<br>сальдо | Кіріс                |                        |                                                     | Мінде<br>ттерді<br>орынд<br>а у<br>мерзім<br>і (күні<br>) | Шығыс        |        |                                                                            |                             |                       |                                                                               |    | Опера<br>ция<br>соңын<br>дағы<br>сальдо |
|---|---------------------------------------|-----------------------------------------|----------------------|------------------------|-----------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------|--------------|--------|----------------------------------------------------------------------------|-----------------------------|-----------------------|-------------------------------------------------------------------------------|----|-----------------------------------------|
|   |                                       |                                         | Құжат<br>тың<br>күні | Құжат<br>тың<br>нөмірі | Төлен<br>уін<br>қамта<br>масыз<br>ету<br>сомас<br>ы |                                                           | Төлем құжаты |        | Көрс<br>еті<br>н<br>қызме<br>тті<br>алуш<br>ыға<br>қайтар<br>ылған<br>сома | Басқа<br>ның<br>есебін<br>е | Бюджетке<br>аударылды |                                                                               |    |                                         |
|   |                                       |                                         |                      |                        |                                                     |                                                           | күні         | нөмірі |                                                                            |                             | БСК                   | Алуш<br>ының<br>орынд<br>алмаға<br>н<br>міндет<br>темел<br>ері<br>бойын<br>ша |    |                                         |
| 1 | 2                                     | 3                                       | 4                    | 5                      | 6                                                   | 7                                                         | 8            | 9      | 10                                                                         | 11                          | 12                    | 13                                                                            | 14 |                                         |
|   | Жиын<br>ы:                            |                                         |                      |                        |                                                     |                                                           |              |        |                                                                            |                             |                       |                                                                               |    |                                         |

Өндірушінің және (немесе)  
импорттаушының алкоголь  
өнімін өндіру және (немесе)  
Қазақстан Республикасына

импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы міндеттемесін  
есепке алу қағидаларына  
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР  
Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

### Төлем құжаттарының тізілімі

| № | Өндірушінің және (немесе) импорттаушының жеке-сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі | Өндірушінің және (немесе) импорттаушының атауы және оның деректемелері | Міндеттемені қамтамыз ету сомасы | Төлем тапсырмасының, түбіртек тің, төлемді растайтын құжаттың нөмірі және күні | Қамтамасыз етудің қолданыс мерзімі | Іс жүзінде орындау мерзімі | Импорттаушыға қайтару сомасы | Тиісті мемлекеттік кірістер органының уақытша ақша орналасуына шотына енгізілген қамтамасыз ету бойынша соманы өндіріп алу күні | Бюджетке аударылған сомасы | Ескертпе |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------|----------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------|----------------------------|------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|----------|
| 1 | 2                                                                                               | 3                                                                      | 4                                | 5                                                                              | 6                                  | 7                          | 8                            | 9                                                                                                                               | 10                         | 11       |

Өндірушінің және (немесе)  
импорттаушының алкоголь  
өнімін өндіру және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы міндеттемесін  
есепке алу қағидаларына  
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР  
Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

### Банк кепілдігінің тізілімі

| № | Алког<br>оль<br>өнімін<br>өндіру<br>және (немесе)<br>импорттау<br>кезінде<br>есепке<br>алу-бақылау<br>маркаларын<br>нысаналы<br>пайдалану<br>туралы<br>міндеттемені<br>қамтамасыз<br>ету<br>карточкасын<br>ң<br>тіркеу<br>нөмірі | Өндірушінің және (немесе) импорттаушының деректемелері |                                                       | Банк кепілдігінің деректемелері |                                   |                       |                                   | Міндеттеменің орындалу мерзімі | Міндеттеменің іс жүзінде орындалу мерзімі | Төлемді қамтамасыз ету сомасын өндіріп алу мерзімі | Міндеттемелерді өндіріп алу кезінде бюджетке төленуін қамтамасыз ету сомасы | Ескертпе |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------|---------------------------------|-----------------------------------|-----------------------|-----------------------------------|--------------------------------|-------------------------------------------|----------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|----------|
|   |                                                                                                                                                                                                                                  | Атауы                                                  | Жеке-сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі | Банкінің атауы                  | Банк кепілдігінің нөмірі мен күні | Қамтамасыз ету сомасы | Банк кепілдігінің қолдану мерзімі |                                |                                           |                                                    |                                                                             |          |
| 1 | 2                                                                                                                                                                                                                                | 3                                                      | 4                                                     | 5                               | 6                                 | 7                     | 8                                 | 9                              | 10                                        | 11                                                 | 12                                                                          | 13       |

Өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін есепке алу қағидаларына 8-қосымша

Ескерту. 8-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

#### Кепілгерлік шарттарының тізілімі

|  |                             |                           |                           |
|--|-----------------------------|---------------------------|---------------------------|
|  | Алкоголь өнімін өндіру және | Өндірушінің және (немесе) | Кепілгердің деректемелері |
|--|-----------------------------|---------------------------|---------------------------|

| № | (немесе)<br>импорттау<br>кезінде<br>есепке<br>алу-бақылау<br>маркаларын<br>нысаналы<br>пайдалану<br>туралы<br>міндеттеме<br>і<br>қамтамасыз<br>е т у<br>карточкасы<br>ның тіркеу<br>нөмірі | импорттаушының<br>деректемелері |                                                                         |                      |                                                   |                                               |                                                         |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|----------------------|---------------------------------------------------|-----------------------------------------------|---------------------------------------------------------|
|   |                                                                                                                                                                                            | Атауы                           | Жеке-сәйке<br>стендіру<br>нөмірі/<br>бизнес-сәйк<br>естендіру<br>нөмірі | Кепілгердің<br>атауы | Кепілгерлік<br>шарттарын<br>ың нөмірі<br>мен күні | Міндеттеме<br>н і<br>қамтамасыз<br>ету сомасы | Кепілгерлік<br>шарттарын<br>ы ң<br>қолданылу<br>мерзімі |
| 1 | 2                                                                                                                                                                                          | 3                               | 4                                                                       | 5                    | 6                                                 | 7                                             | 8                                                       |

**кестенің жалғасы**

|                                                                                    |                                                                                                            |                                                                  |                                                                              |                                         |                                                       |                                                                                       |                                                                                                   |          |
|------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------|-------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|
| Кепілгер таңдаған міндеттеменің төленуін<br>қамтамасыз ету тәсілінің деректемелері |                                                                                                            |                                                                  |                                                                              | Міндеттеме<br>н і<br>орындау<br>мерзімі | Міндеттеме<br>ені іс<br>жүзінде<br>орындау<br>мерзімі | Міндеттеме<br>енің<br>төленуін<br>қамтамасыз<br>ету<br>сомасың<br>өндіріп<br>алу күні | Міндеттеме<br>ені өндіріп<br>алған<br>кезде<br>бюджетке<br>төлеуді<br>қамтамасыз<br>ету<br>сомасы | Ескертпе |
| Міндеттеме<br>елерді<br>қамтамасыз<br>етуді<br>төлеуді<br>қамтамасыз<br>ету тәсілі | Төлем<br>тапсырмасы<br>ның, банк<br>кепілдігінің,<br>мүлік<br>кепілдігі<br>шартының,<br>нөмірі<br>мен күні | Міндеттеме<br>елердің<br>төленуін<br>қамтамасыз<br>ету<br>сомасы | Банк<br>кепілдігінің,<br>мүлік<br>кепілі<br>шартының<br>қолданылу<br>мерзімі |                                         |                                                       |                                                                                       |                                                                                                   |          |
| 9                                                                                  | 10                                                                                                         | 11                                                               | 12                                                                           | 13                                      | 14                                                    | 15                                                                                    | 16                                                                                                | 17       |

Өндірушінің және (немесе)  
импорттаушының алкоголь  
өнімін өндіру және (немесе)  
Қазақстан Республикасына  
импорттау кезінде есепке алу-  
бақылау маркаларын нысаналы  
пайдалану туралы міндеттемесін  
есепке алу қағидаларына  
9-қосымша

**Ескерту. 9-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР  
Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## Мүлік кепілі шарттарының тізілімі

| № | Алкоголь өнімін өндіру және (немесе) импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені қамтамасыз ету карточкасының тіркеу нөмірі | Өндірушінің және (немесе) импорттаушының деректемелері |                                                       | Реквизиты договора залога имущества |                                       |                                              |                                     |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------|-------------------------------------|---------------------------------------|----------------------------------------------|-------------------------------------|
|   |                                                                                                                                                                        | Атауы                                                  | Жеке-сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі | Кепіл берушінің атауы               | Мүлік кепілі шартының нөмірі мен күні | Міндеттеменің төленуін қамтамасыз ету сомасы | Мүлік кепілі шартын қолдану мерзімі |
| 1 | 2                                                                                                                                                                      | 3                                                      | 4                                                     | 5                                   | 6                                     | 7                                            | 8                                   |

### кестенің жалғасы

| Міндеттемені орындау мерзімі | Міндеттемені іс жүзінде орындау мерзімі | Міндеттемені төленуін қамтамасыз ету сомасын өндіріп алу күні | Міндеттемені өндіріп алған кезде бюджетке аударылған кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасы | Ескертпе |
|------------------------------|-----------------------------------------|---------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|
| 9                            | 10                                      | 11                                                            | 12                                                                                                                  | 13       |

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы 8 ақпандағы  
№ 144 бұйрығына  
3-қосымша

**Өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін қамтамасыз ету мөлшері**

Ескерту. Мөлшері жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.09.2022 № 998 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өндірушінің және (немесе) импорттаушының алкоголь өнімдерін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау



таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін қамтамасыз ету сомасының мөлшері 1 литр алкоголь өнімі үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын бір айлық есептік көрсеткіште белгіленеді:

| № | С ы р т қ ы<br>экономикалық<br>қызмет Тауар<br>номенклатурасының<br>(СЭҚ ТН) коды | Алкоголь өнімінің<br>түрі                                                                                                                                         | Міндеттемені қамтамасыз ету сомасының<br>мөлшері<br>(айлық есептік көрсеткіш) |        |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|--------|
|   |                                                                                   |                                                                                                                                                                   | өндіріс                                                                       | импорт |
| 1 | 2                                                                                 | 3                                                                                                                                                                 | 4                                                                             | 5      |
| 1 | 2208                                                                              | Арақтар мен<br>айрықша арақтар,<br>тауар шығарылған<br>жердің атауы<br>қорғалған арақтар                                                                          | 0,3                                                                           | 1      |
| 2 | 2208                                                                              | Коньяк, бренди                                                                                                                                                    | 0,1                                                                           | 0,1    |
| 3 | 2204                                                                              | Шарап                                                                                                                                                             | 0,1                                                                           | 0,1    |
| 4 | 2205, 2206, 2208                                                                  | Алкоголь өнімдері (<br>арақтар және<br>айрықша<br>арақтардан, тауар<br>шығарылған жердің<br>атауы қорғалған<br>арақтардан, коньяк ,<br>бренди, шараптан<br>басқа) | 0,1                                                                           | 0,1    |